

Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві туралы Ережеге өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 1995 жылғы 22 желтоқсан N 2716. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1999.06.15. N 52 өкімімен. ~N990052

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы" 1995 жылғы 20 қазандағы N 2565 U952565_ Жарлығының қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 12 сәуірдегі N 1650 N941650_ өкімімен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің Архиві туралы Ережеге (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 17, 167-құжат) мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1-тармақтағы "үкіметтік мекеме болып табылады, орталық мемлекеттік архивтің функциясын орындайды және Қазақстан Республикасы Президенті Аппаратының тікелей қарауында болады" сөздері "орталық мемлекеттік архивтің функциясын орындайтын, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган болып табылады" сөздерімен алмастырылсын.

2. 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Архив өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен өкімдерін, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының нұсқауларын, Қазақстан Республикасы Архивтер мен құжаттама Бас басқармасының архивтану, құжаттаматану және археография жөніндегі ұсынымдарын, осы Ережені басшылыққа алады. Архив қорларын түзу мен құжаттарды пайдалану мәселелері Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі Басшысының, Қазақстан Республикасы Президенті Кеңсесі меңгерушісінің, Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігі Жалпы бөлімі меңгерушісінің құзыретіне жатады.

3. Архив Ұлттық архив қорының құрамына кіретін Қазақстан Республикасы Президентінің, Президент Әкімшілігі мен мемлекет басшысының жанынан құрылған басқа органдар мен ұйымдардың қызметі туралы құжаттардың: мәтіндік, дыбысбейне және баспа басылымдарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бұрынғы ҚТОМА-сы қорларындағы құжаттардың тұрақты мемлекеттік сақталуын жүзеге асырады".

3. 4-тармақта:

он бірінші абзац "анықтамалық-ақпараттық басылымдары әзірлеу" сөздерімен толықтырылсын;

он үшінші абзацтағы "облыс әкімдері аппаратының" сөздері "облыс әкімдерінің" сөздерімен алмастырылсын.

4. 5-тармақта:

жетінші абзацтағы "мемлекеттік емес құрылымдардан және қоғамдық ұйымдардан" сөздері "және заңды тұлғалардан" сөздерімен алмастырылсын;

сегізінші абзацтағы "мемлекеттік, кооперативтік, қоғамдық ұйымдарымен және кәсіпорындармен, жеке адамдармен, мекемелермен" сөздері "заңды және жеке тұлғалармен" сөздерімен алмастырылсын.

5. 6-тармақта:

бірінші абзацта "штат кестесін" сөздері "штат санын" сөздерімен алмастырылсын.

төртінші абзацта "сақтау режимінің қамтамасыз етілуі" сөздері "пайдаланылуы" сөзімен толықтырылсын;

бесінші абзацта "қызметтен шығаруды" сөздері "штат кестесі мен еңбекке ақы төлеу қорының шегінде лауазымдардың атын өзгерту жөнінде Архивтік штат кестесіне өзгертулер енгізеді" сөздерімен толықтырылсын;

алтыншы абзацта "мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар мен мекемелерде" сөздері "түрлі ұйымдарда" сөздерімен алмастырылсын.

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Архив қызметін жетілдіру жөнінде Қазақстан Республикасы Әкімшілігінің Басшысына ұсыныстар енгізеді".

6. 4-тармақтағы екінші, тоғызыншы, оныншы абзацтардағы, 5-тармақтың екінші, бесінші, алтыншы абзацтарындағы, 6-тармақтың бірінші, екінші абзацтарындағы, "Аппаратының", "Аппараты", "Аппараттың", "Аппаратты", "Аппараттың", "Аппаратты", "Аппаратының", "Аппаратына", "Аппаратының", "Аппараты" сөздері тиісінше "Әкімшілігінің", "Әкімшілігі", "Әкімшіліктің", "Әкімшілігі", "Әкімшіліктің", "Әкімшілігі", "Әкімшілігінің", "Әкімшілігіне", "Әкімшілігінің", "Әкімшілігі" сөздерімен алмастырылсын.

7. 4-тармақтың он төртінші абзацындағы, 5-тармақтың екінші абзацындағы "Министрлер Кабинеті жанындағы" сөздері алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК